

#ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ

Жеке тұлға банкроттан кейін төлем қабілеттілігін қалай қалпына келтіре алады?

Жеке тұлғалардың банкроттығы – Қазақстан-ның құқықтық жүйесінде салыстырмалы түрде жаңа институт болып табылады. Ол 2023 жылғы 3 наурыздан бастап күшіне енді. Бұл тетіктің негізгі мақсаты – азаматтарға төленбейтін қарыздардан босап, қаржылық өмірін қайта бастауға мүмкіндік береді. Алайда банкрот деп танылу – бұл, жаңа кезеңнің бастауы. Бұл кезеңде төлем қабілеттілігін, несие тарихын және қаржылық тұрақтылықты дұрыс қалпына келтіру маңызды.

1. Жеке тұлғалардың банкроттығының құқық-тық негізі

Жеке тұлғалардың банкроттық рәсімі «Азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (№178-VII, 2022 жылғы 30 желтоқсан) реттеледі.

Заңда қарыздарды реттеудің үш тетігі көзделген: Соттан тыс банкроттық – берешек 1600 АЕК-тен аспайтын және борышкердің мүлкі мен табысы жоқ жағдайда қолданылады.

Сот арқылы банкроттық – берешек 1600 АЕК-тен асқан немесе мүлік болған жағдайда жүргізіледі.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі – борышкер 5 жыл ішінде қарызды қайта құрылымдау жоспарын

орындап, банкрот деп танылмай қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіре алады.

2. Банкроттың салдары
Артықшылықтары: үмітсіз қарыздардың кешірілуі; пайыздар мен айыппұлдардың тоқтатылуы; несие берушілер мен коллекторлар тарапынан қысымның жойылуы.

Шектеулері: қайтадан банкроттыққа жүгінуге тек 7 жылдан кейін рұқсат етіледі;

жаңа несиелерді банкроттық фактісі туралы банкке 5 жылдан кейін хабарлау арқылы алуға болады.

Бұл шаралар азаматтардың жауапты қаржылық мінез-құлқын қалыптастыру және қайта төлем қабілетсіздігіне жол бермеу мақсатында енгізілген.

3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жолдары

3.1. Қаржылық тәртіпті қалыптастыру жеке бюджетті жүргізу және шығындарды жоспарлау;

жоспарсыз сатып алудан бас тарту; резервтік қор құру (айлық табыстың 10–20%-ы көлемінде).

3.2. Несие тарихын жақсарту
дебеттік карталарды және қысқа мерзімді микро-несиелерді пайдалану;

тауарды бөліп төлеу арқылы алу және уақтылы төлеу; барлық төлемдерді дер кезінде орындау арқылы оң несие беделін қалыптастыру.

3.3. Табыс деңгейін арттыру
біліктілікті арттыру және жаңа мамандықты меңгеру; қосымша немесе қашықтан табыс көздерін іздеу; мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысу («Бастау Бизнес», «Жастар практикасы», «Атамекен» гранттары).

4. Мемлекет пен банк секторының рөлі

Банктер банкроттан өткен азаматтарды қолдау мақсатында қаржылық оңалту бағдарламаларын енгізуде. Олар шектеулі несие лимиттерімен, депозит арқылы қамтамасыз етілген карталармен және қаржылық сауаттылық бойынша оқытумен толықтырылады.

Мемлекет өз кезегінде әлеуметтік бейімдеу және азаматтарды экономикалық белсенділікке қайта тарту бағдарламаларын дамытып жатыр.

Банкроттық – жеңіліс емес, жаңа мүмкіндік. Қазақстан Республикасының заңнамасы азаматтарға қарыздардан босап, қаржылық жағдайын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Ең бастысы – осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану: қаржылық тәртіпті ұстану, шығынды жоспарлау және банктердің сенімін біртіндеп қайтару.

Қадамды әрі жүйелі әрекеттер арқылы қаржылық жаңғыру – қолжетімді және нақты нәтиже береді.

#КЕДЕН

Кешенді көшпелі кедендік тексерулер жүргізу тәртібі

Көшпелі кедендік тексеруді жүргізу тәртібі
«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 418-бабымен айқындалған.

Көшпелі кедендік тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) жоспардан тыс көшпелі кедендік тексеру;
- 2) жоспардан тыс қарсы көшпелі кедендік тексеру;
- 3) кешенді көшпелі кедендік тексеру.

Көшпелі кедендік тексеру нұсқаманың негізінде жүргізіледі (Кодекстің 418-бабының 3-тармағы).

Кодекстің 418-бабының 11-1-тармағына сәйкес кешенді көшпелі кедендік тексеру тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жүргізіледі.

Кешенді көшпелі кедендік тексерулерді тағайындау үшін тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, тексерілетін тұлғаларды таңдау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Кешенді көшпелі кедендік тексерулер жартыжылдық кесте бойынша жүргізіледі.

Тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жүргізілетін кешенді көшпелі кедендік тексерулердің мерзімділігі тексерілетін тұлғаға қатысты жылына бір реттен жиі болмауға тиіс.

Кешенді көшпелі кедендік тексерулердің жартыжылдық графиктеріне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Уәкілетті орган кешенді көшпелі кедендік тексерулердің графигін өзінің интернет-ресурсында:

бірінші жартыжылдыққа – кешенді көшпелі кедендік тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейін;

екінші жартыжылдыққа – кешенді көшпелі кедендік тексерулер жүргізілетін ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейін орналастырады.

Кеден органдары кешенді көшпелі кедендік тексеруді жүргізу басталардан кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын тексерілетін тұлғаға нысанын уәкілетті орган белгілеген кешенді көшпелі кедендік тексеру жүргізу туралы хабархатты жібереді немесе табыс етеді.

Тексерілетін тұлғаға кедендік тексеру жүргізу туралы нұсқаманың көшірмесін табыс еткен күн көшпелі кедендік тексеру жүргізу басталған күн болып есептеледі.

Көшпелі кедендік тексеруді жүргізу мерзімі екі айдан аспауға тиіс.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2025 жылдың 2-ші жартыжылдығында кешенді көшпелі кедендік тексерулер кестесіне сәйкес 6 көшпелі кедендік тексерулер жүргізді, олардың нәтижелері бойынша 20 млн.теңгеге жуық қаражат есептелді және өндірілді.

ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

ndbecology.gov.kz/ «Ашық жиналыстар»бөлімінде;
– «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жергілікті атқарушы органдарының сайты («ШҚО ТРЖТІРБ» ММ) – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/activities/3726?lang=ru>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.

7) Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға үшін электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі:

– электрондық пошта мекенжайы: Olga.Orlova@ukges.kz ;
– телефоны: +7 708 195 25 46,

8) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:

– қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі
«ШҚО бойынша экология департаменті» РММ: vko-ecoder@ecodego.gov.kz , ШҚО, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 12, 8 (7232) 208-985;

– «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жергілікті атқарушы органдарының сайты («ШҚО ТРЖТІРБ» ММ): g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz , ШҚО, Өскемен қаласы, Карл Либкнехт көшесі, 19, 8 (7232) 257320, 8 (7232) 257023

Zoom кездесуіне қосылыңыз: <https://us06web.zoom.us/j/86156330659?pwd=pTRn7jdp9bBGUgUpAKSiUcyz7bHwLq.1>

Конференция идентификаторы: 861 5633 0659
Кіру коды: 082547

ХАБАРЛАМА

«ECOSORB» ЖШС үшін Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында орналасқан Таганское көн орнында керамзит саздарын өндіру бойынша тау-көн жұмыстарының жоспарының» әсер етуіне экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар;

Әсер ету аймағы:		
Географиялық координаттар:		
№	с.ш.	в.д.
1	47° 30' 29,41»	83° 52' 32,84»
2	47° 30' 29,83»	83° 52' 20,61»
3	47° 30' 33,52»	83° 52' 15,25»
4	47° 30' 36,99»	83° 52' 20,41»
5	47° 30' 41,62»	83° 52' 30,75»
6	47° 30' 39,82»	83° 52' 40,77»
7	47° 30' 32,73»	83° 52' 40,35»

3. 2026 жылдың 12 қаңтарында сағат 10:00 ШҚО, Тарбағатай ауданы, Ақжар а.о., Жаңалық а., Құрманғазы 1 мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі;

4. Тапсырыс беруші - «ECOSORB» ЖШС, БСН 220940047033, Мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Қайрат шағын ауданы, 17 көше, 127 үй, тел. 8 (778) 648-43-42, E-mail: baysu999@mail.ru

5. Әзірлеуші ТОО «GEO VOSTOK», (БИН 211040015757). Мекенжайы: ШҚО, Өскемен қ., Қазыбек би даң., 18-25. Тел. 8(778)-778-09-17, E-mail: baysu.too@mail.ru

Жобалық құжаттама <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйеде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған;

Қосымша ақпаратты тапсырыс берушінің – baysu21@mail.ru электронды мекенжайы және, 8 (778) 648-43-42 телефоны бойынша алуға болады;

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz. ТРБ почтасына.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет <https://us05web.zoom.us/j/2137154444?pwd=YOM2t6nC3jSVla6XiOLVi3B79GYnjl.1&omn=82892042837>

Конференция идентификаторы: 213 715 4444
Құпия сөз: 12345678

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 10 минут бұрын, жеке куәлікті көрсеткен кезде басталады.

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

Уанова Кадича (туған жылы 10.11.1939) 30.07. 2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус К.К.Аманжоловқа ШҚО, Марқакөл ауд., Крахмалы к., 67 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел. 87772965876.

Нурдыбаев Жомарт Курманбекович (туған жылы 31.07.1975) 18.05.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус К.К.Аманжоловқа ШҚО, Марқакөл ауд., Крахмалы к., 67 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел. 87772965876.

Мейрамбай Мұңал (туған жылы 01.05.1981) 06.08.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус Ж.Б.Нұрмұхамбетоваға ШҚО, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, 3.Ахметов көшесі, 3-ғимараты мекенжайы бойынша 06.02.2026 дейін жүгінуі тиіс.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ

ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-22